



БҰЙРЫҚ

2016 жылға 20 шілде

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ *341*

город Астана

**«Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды ұлттық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік
қоғамының Жарғысына толықтырулар
енгізу туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 5-тармағына, 36-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысына қоса беріліп отырған толықтырулар бекітілсін.

2. Қоғам:

1) тіркеуші органға Қоғам Жарғысына толықтырулар енгізілгені туралы хабарлама жіберсін;

2) осы бұйрықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр



С. Нұрбек

Бланк сериялық нөмірісіз жарамсыз болып табылады. Жауап қайтарғанда міндетті түрде біздің № және күні көрсетілуі керек.
Бланк без серийного номера не действителен. При ответе обязательного сослаться на наш № и дату.





**"Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамының
Жарғысына толықтырулар**

"Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) Жарғы мынадай мазмұндағы 74-1-тармақпен толықтырылсын:

"Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына адам сайланбайды:

1) заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;

2) бұрын акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің төрағасы, атқарушы органның басшысы, басшысының орынбасары, бас бухгалтері болған. Көрсетілген талап акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл ішінде қолданылады;

3) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған".